



**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ИНСТИТУТЫ

БИОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

«БИОЛОГИЯ»

СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЛУБЫ

АЛМАТЫ – 2021

КЛУБ СИПАТТАМАСЫ

«Биология» студенттік ғылыми-зерттеу клубы – ғылыми - зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытатын, түрлі күрделі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуде белсенді жас ғалым студенттерге арналған. Бұл клуб студенттердің мақсат қоя білу және оған қол жеткізуді ұйымдастыру қабілеттерін, сонымен қатар шығармашылық, төзімділік, сыни ойлау, қоғамға өз пікірін жеткізе алу, коммуникативтік және басқа да қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Клуб бағдарламасының **өзектілігі** студенттерді әлемнің тұрақты дамуына бағытталған түрлі саладағы іс – шараларға белсенді қатыстыру арқылы олардың өз бетінше әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, этикалық мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын тауып, қоғам дамуына өз үлесін қосудың маңызын түсіндіруде болып табылады. Сондай – ақ, аталған клуб жас биолог студенттердің үлесі арқылы тұрақты дамуға қол жеткізуді, тұрақты қоғамның қалыптасуына төнетін қатерлер мен қауіптердің алдын алуға бағытталған іс- әрекеттерді қамтиды .

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. «Биология» студенттік ғылыми-зерттеу клубы

- Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің жаратылыстану және география институтының жанынан ерікті түрде құрылған студенттік ұйым.

1.2. Бұл ереже ұйым жұмысын ұйымдастыру мен үйлестіру, дамыту жолдарын айқындайтын, ұйым мүшелерінің өзара қарым-қатынастарын реттеу және жүйелеу, ұйым шеңберіндегі жоғары күші бар құжат болып саналады.

1.3. Ұйым ережесіне өзгертулер мен толықтырулар тек ұйым жиналысының шешімімен енгізіледі.

II. КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Клубтың мақсаты – студенттердің университетте өткізілетін ғылыми зерттеулерге қатысуына қолайлы жағдай жасай отырып, түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын арттыру, соның негізінде заманауи әлемдік мәселелерді шешуде студенттерде шығармашылық, тапқырлық, басқарушылық, шыншылдық, тұрақтылық қабілеттіліктерін қалыптастыру.

Үйірме міндеттері

2.1 Студенттерді ғылыми – зерттеу жұмыстарына тартуға, ғылыми бағытты таңдауға, ғылыми отырыстар өткізуге, олардағы баяндамаларды тыңдауға және талқылауға, студенттік және өзге де конференцияларға қатысуға жәрдемдесу;

2.2 Биология ғылымы салаларындағы студенттердің ғылыми дайындық

денгейін арттыруға жәрдемдесу;

2.3 Жас мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру;

2.4 Студенттердің түрлі әлеуметтік іс – шараларға белсене қатысуын ұйымдастыру;

2.5 Шығармашылық белсенділікті қалыптастыру үшін жағдай жасау;

2.6 Студенттерге өз бетінше ғылыми ізденістерге көмектесу және олардың ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру қабілетін дамыту;

2.7 Студенттерді жоспарланған ғылыми конференциялар, конкурстар, көрмелер және т.б. қатысу мүмкіндігі туралы уақытылы хабардар ету;

2.8 Кафедраның ҒЗЖ тақырыбы, кафедрааралық бірлестік, оның ішінде шарттық ҒЗЖ бойынша ғылыми-практикалық зерттеулер мен ғылыми-практикалық іс-шаралар өткізуіне студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Осы мақсат - міндеттерге жету үшін Абай атындағы ҚазҰПУ биология кафедрасын заманауи биологияның соңғы әлемдік ғылыми жаңалықтарын үнемі бақылап, оларды білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобаларында көрініс табуына ықпал ету арқылы жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

III. КЛУБ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

3.1. Клуб құрамы:

- Клуб жетекшілері
- Үйлестірушілері
- Хатшысы

3.2. Клуб құрамының міндеттері:

- Клуб жетекшілері – клубтың ғылыми-жұмыстарына басшылық ету, студенттермен өз тәжірибесімен бөлісу.
- Үйлестірушілері – клуб мүшелерін мүшелікке қабылдау және шаралардың өту барысын қарастыру; клуб отырысының күн тәртібін жасау және ұйым мүшелеріне жаңа ақпараттардың жетуін қамтамасыз ету, клуб ережесінің мүшелер тарапынан толық және дұрыс орындалуын қадағалау, ұйым атынан келісім жүргізу;
- Хатшы – клуб мүшелерінің кез-келген ұйымдастырылған жиналыстарында болған және өткен есепті кезеңдерді қағаз бетіне түсіріп отыру.

**VI. КЛУБ ПРЕЗИДЕНТІ МЕН МҮШЕЛЕРІНІҢ
МІНДЕТТЕРІ**

4.1. Клуб президентінің және вице-президентінің міндеттері:

- Клубтың даму жоспарын жасау;
- Клуб отырысының күн тәртібін жасау;
- Клубтың ғылыми-зерттеу жұмыстарын қадағалау;
- Жетекшімен ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы ақылдасу;
- Клуб мүшелеріне жаңа ақпараттардың жетуін қамтамасыз ету;
- Ереженің клуб мүшелері тарапынан толық және дұрыс орындалуын қадағалау;
- Клуб атынан келісім жүргізу;

4.2. Клуб менеджерінің міндеттері;

- Клуб ұйымдастырып отырған іс-шараларды өткізу;
- Клуб менеджері ретінде белсенді студенттермен жұмыс жасау;
- Клубта болатын семинар-тренингтер ұйымдастыру;

4.3. Клуб мүшесінің міндеттері:

- Клубтың Ережесі мен бағдарламалық құжаттарындағы талаптарды бұзбау;
- Клуб жиналасының және университет бекіткен шешімдерін орындау;
- Клубтың абыройы мен қызметіне зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттерге бармау.

**«Биология» студенттік ғылыми-зерттеу
клубының жылдық жоспары**

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі
1	Студенттік ғылыми-зерттеу клубын таныстыру	Қыркүйек
2	Клубқа студенттерді іріктеу мен қабылдау	Жыл бойы
3	Студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалары туралы семинар	Қазан
4	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларға мақалалар жазу және баяндамалар жасау, қатысу	Жыл бойы
5	«Жасыл әлем» студенттік эко идеясын жүзеге асыру	Қазан
6	«Smart campus» форсайт зерттеу технологиясы	Қараша
7	«Ауру мен аштықсыз әлем» атты семинар	Желтоқсан
8	Ғылымды жастар арасында танымал ету үшін "Ботаника және фитоинтродукция институты" ҒЗИ-на экскурсия	Желтоқсан
9	Студенческий скрининг «Я за здоровый образ жизни»	Қаңтар
10	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Биология және биотехнология» факультетінің ғылыми орталықтарына, мұражайларына танымжорық	Ақпан
11	«Ғылым апталығы-2022» аясында байқауға қатысу	Наурыз
12	Алматы қаласының Бас ботаникалық бағына экскурсия	Сәуір
13	«Заманауи биологияның жаһандық перспективалары» тақырыбында қорытынды кеш	Мамыр

КЛУБ ЖЕТЕКШІЛЕРІ



**Жарылкасынова Жазира
Мусахановна**
П.Ф.М., ОҚЫТУШЫ



Сембаева Аяулым
4 курс студенті

**Аманбаева Махаббат
Батыргалиевна**
PhD, қауым.профессор



Скендирова Маншук
1 курс магистранты



Кауынбаева Эльмира
2 курс докторанты